

11 КОЛН

Пионер (раз. 43)

1958.

1-12.



Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 20 жыл.

ҚАЛАШ РОЗА

Бір күні жұмыстан үйге келсем, екі қарындасым екі жерде шошып отыр. Он бірдегі үлкені терезе алдында тұратын жазу столына асылып теріс қарап бұқшиып қалған. Төрдегі диван үстінде алты жасар кішісі бір қағазды шұқылап ойнап отыр. Бірақ, томпақ бетіндегі айғыздар оның осыдан сәл бұрын жылағанын аңғартып тұр.

Мен ең әуелі үлкеніне таянып:

— Қалаш, не болды? — дедім.

Қалаш басын көтерді. Жұқа еріндері дірілдеп, бір нәрсе айтуға оқталды да, бетін әрі бұрып әкетті. Көзінде дөңгеленген жасты көріп қалдым.

— Әлде Роза тиді ме саған?

Ол үндемеді. Көздерін қолымен көлегейлеп, тысқа қарай ата жөнелді.

Енді кішісіне келдім.

— Роза, сен бе тиген Қалашқа?

— Жо-оқ.

— Енді кім?

Жауап жоқ. «Не болғанын өзім де білмеймін» дегендей маған бажырая бей-жай қарайды.

Кешкісін бір-ақ білдім. Оқиғаға куә болғандар айтты.

...Қалаштың Надя дейтін құрбысы бар еді. Екеуі де төртінші класта оқитын. Сол Надя туған күнін атап өтпек болыпты да, өзінің кластас құрбыларын үйіне шақырыпты.

Қалаш соған бармақшы болған. Ертеңгі мезгіл екен. Құрбысына жоралғыға сатып алған кітабын қолтықтап, есікке беттеген кезде:

— Надянікіне мен де барам, — дейді Роза еріп.

Оны ерте қоятын Қалаш па.

— Бармайсың! — дейді.

Роза қалмайды. Ереді.

— Қал деймін саған! — деп айқайлайды Қалаш, оған сұс көрсетіп.

— Қалмаймын! — деп әлек салады Роза.

Қалаш сасады. Не істеу керек? Жалынады. Көнбейді Роза. Арасында суреті көп бір көне кітабын беріп, алдайды. Роза кітапты лақтырып жіберіп, Надянікіне баратын жолға түседі.

Розаның оңайлықпен қалмайтынына көзі жеткен Қалаш:

— Бару үшін сыйлық алу керек. Оған сенде ақша жоқ, — деп жалтарады.

— Ақшам бар. Қырық тиыным бар, — дейді Роза.

— Ол аз. Оған не түсетін еді?

— Открытка аламын, — деп Роза көк көйлегінің өңіріндегі сұқ қол әзер сиятын қалтасынан жиырма тиындық екі күміс ақшаны шылдырлатып алып шығады.

Қалашқа енді бұлтару қайда?! Өзінің талай рет Розаға қырық тиынға открытка сатып алып бергені сонда ғана есіне түседі.

— Жүре ғой! — дейді келісіп.

Надяның үйі қарға қамап қойғандай у-шу екен. Бөлме толы бала. Алқақотан дөңгеле-не қол ұстасып ойнап жүр. Гүл-гүл жайнаған шат жүздер. Шаң-шұң дауыстар.

Қалаштарға Надяның мамасы есік ашады. Надяның мамасы:

— Құрбың келді, Надя! Шақыр! Төрлетіңдер. Сен де келгенсің бе, Роза?! — деп күлімсірей қарсы алады.

Аққұба жүзі бал-бұл жанған Надя жүгіріп көп Қалашты құшақтай алады.

Қалаш сыйлыққа әкелген кітабын ұсынады да:

— Үлкен боп өс! — деп құрбысының құлағынан жоғары қарай тартып-тартып қояды.

— Қаттырақ, қатты, қатты! — деп шулайды балалар.

Қалашқа рахмет айтып күліп тұрған Надяға Роза кібіргіктей жақындайды да, қолындағы сирень гүлінің суреті бар открытканы оған ұстата салады. Не десін. Үнсіз-түнсіз, көздерін жыпылықтатып тұра береді. Мұнда күлмеген жұрт, қайда күлсін.

— Міне азамат! — деп Надяның мамасы риза болып, оның басынан сипапты. — Надя, Розаға конфет әкеп бер!

Надя жүгіріп барып, асханадан Розаға бір уыс конфет әкеп береді.

Содан соң құрбылар өздерімен өздері болып ойынға кіріседі. «Мысық пен тышқан» ойыны қызады. Надя тышқан болып қаша жөнеледі де, Қалаш мысық болып ұмтылады.

— Ал жетті, ұстады!

— Бөгеп қал мысықты!

— Қойма, Қалаш, ұста! — десіп дуылдайды балалар.

Ал, Роза болса, ойыннан шеттеп қалды. Сірә кішкентайсынған болулары тиіс, балалардың ешқайсысы да оны ойынға шақырмаған. Ойын думанымен оны Надя да, Қалаш та ұмытып кеткен.

Ойын қызық! Қап, мына Қалаштың жете алмай жүргенін-ай. Жәй-жәй басып, аңдып барып неге бас салмайды екен. Роза өзі «мысық» болса, осылай етіп, ұстап алатын-



дай сезініп тұрады. Ілгері ұмтылып, Қалашқа қосылып құмақ болған екен, жанұшыра қашып келе жатқан Надя қағып кетіпті.

Роза әрі тұрады, бері тұрады. Көздері жаутандай, шақырар деген үмітпен әр балаға бір қарайды. Бірақ, олар мәз-мәйрәм, күлімдеп қарағандары болмаса, ешқайсысы «келе ғой» демейді.

Роза өзінің ойынға қосылмай, айдалада қалғанын Надядан көреді. Үй Надянікі. Ойын да Надянікі. Қалашты қолынан сүйреп ойынға қосқан да сол. «Ал мені неге қоспайды» деген ыза буады. Өзінің жанынан жүгіріп өте берген Надяны шап беріп ұстай алады.

— Не Розка? — дейді ол тоқтап.

— Открыткамды бер! — дейді Роза жыламсырап.

Надя ештеңеге түсінбей таңданып иығын көтереді. Роза өзінің ойынға қосылмай қалғанының кегін открыткасын қайтып алумен тындырғысы келіп тұрғанын ол қайдан білсін.

Мұны Қалаш естіп қалады. Дереу Розаны қолынан жұлқи тартып, шеткерірек алып шығады.

— Не деп тұрсың?

— Открыткамды аламын!

— Неге сұрайсың? Ұят емес пе? — деп төнеді Қалаш.

— Ойынға неге қоспайды өзі, — деп жылап жібереді Роза.

Жүгіріп Надя келеді.

— Мә, ал, жылама, — дейді открыткасын қайтып беріп.

Роза открытканы алысымен есікке беттейді. Қалаш далаға ере шығып:

— Бер, қайтып бер! — деп ұрсады.

Ал, енді Розаны көндіріп көр. Открытканы қойынына тығады да, үй қайдасың деп тартып береді.

— Ұят болды-ау, ұят! — деп күйінген Қалаш онан открытканы тартып алмақ болды. Мұндай сәттерде Қалашқа қарсы Розаның қолданатын қаруы бар, ол — көз жасы. Бар дауысымен бақырып жылайды ол.

Қалаш: «Сурет салатын альбомымды берейін» — деп жалынған. Көнбеген. Берген затты қайтып алудың ұят екенін түсіндірген. Түсінбеген. Не керек, Роза селт етпеген. Бойын ашу және құрбыларынан ұялу сезімі билеген Қалаш та жылап жіберген. Дыбысын шығармай, ұзақ жылаған.

Роза Қалашқа таңдана қарапты сонда. Бұл неге жылайды десе керек. Әй, қызық қой біздің Роза, қызық қой, шіркін, балалық!

Н. Сералиев.



Бір бөлменің тұрғындары



Ашық терезеден белуардан төмен асылып, үңіле қалған Әбдірдің екі көзі іргеге таяу егілген тал шыбығының бұтағында. Әлде неге таңырқай қарайды. Сол күйінде ұзынынан созылды да, екі қолымен жер тірей салбырап барып, топ ете түсті. Аяғындағы үлкен ботинканың бұзау тұмсығы терезенің бір көзін сүзе барып, тесіп шықты. Түріле қалған шалбардың кең балағына шынының ұсақ сынықтары құйылып кетті. Әбдір бұған көңіл де аударған жоқ. Аяғын жұлқып шығарып алып, ағаш бұтағын өрлей жорғалаған құртты қағып жіберіп, алақанына ауната салды.

— Көк жапыраққа сылқиып тойғың келеді, ә?! Қандай қусың өзің,— деді ол, құртты әдейі әжуә еткендей аунатып-аунатып қойып. Қолын тас жұмды да, жүгіре жөнелді. Сол бетімен табалдырыққа бір сүрініп тұрып, мектеп лабораториясына кіріп келді.

— Апай, міне көрдіңіз бе? — деп ол лаборанткаға түюлі жұдырығын көрсетті.

— О не, о не? — деді есіктің тарсылымен орнынан тұрған ол, қайта отырып жатып.

— Егер зоология тілімен айтсақ,— деді Әбдір сөзін маңғаздана бастап,— бұл — бауырымен жорғалаушылар тобына жатады. Ал, милиция тілімен айтсақ, бұл — барып

тұрған жулик. Дегенмен, оншалық қатерлі емес,— деп, ол алақанын ашып жіберді.

Лаборантка шегі түйілгенше күлді.

— Апай, сіз неге күлесіз, әлде мен қате айттым ба?

— Қалай күлмессің, шырағым-ау...

— Сіз білесіз бе, бұл менің ағашымның жапырағын жеп сылқиып тойғысы келеді. Ал, мен ұстап алдым да, бері шаптым. Қалай, апай, мұным дұрыс па? Осының жазасын тезірек берейік те, өйтпесе тыныш жатқысы келмейді, қолымды жыбырлатып барады.

— Қандай жаза бермексің?

— Спиртке саламыз, әрі айыбын өтейді, әрі көрнекі құрал болады.

Бұл екеуі осылай істеді де. Құрт спирт құйылған шыны сауытқа түскенде, бір бүктеліп жиырылды да, әп-сәтте жансыз, ұзара түсіп, қалқып қалды.

* * *

— Әлменов, бері кел!

— Я!

— Терезені сындырған сен бе?

— Менің ботинкамның ұшы.

— Бөлменің старостасына дұрыс жауап бер.

— Дұрысы сол!

— Мен саған сөгіс беремін!

Староста Сәрсен бұдан артық сөзге бармады. Директорға жүр дегісі келіп тұрды оның. Бірақ, ызғарлы суық қарағаны болмаса, тіс жармады.

Аулақта, терезе тұсында Құмсауысқанның дүзгенді биік жоталарында қызғыларай шұғыла құлпырады. Құм үстінде, сол шұғылаға оранған ықшам ғана ақша бұлт, еңкейген күннің ертеңнен бергі ізіне түсіп баяу қалқиды. Аз күнгі шуақта жапырақ жарып үлгерген құм бауырдағы қалың дүзген баяу лепке ырғала, еріншек толқиды. Алыстан ну ормандай қою қошқыл көрінеді. Әбдір бұл көрініске аз уақыт көз салып тұрды.

— Ал, сен неге кейідің, Сәрсен, шынында да мен оны абайсызда...— деді Әбдір, кешірім сұрағандай жақындап.

— Қалай кейімесің, интернат бойынша біз ең алдыңғы бөлме болуға ұмтыламыз, ал сен... қойшы өзің...

* * *

Интернат бойынша тазалық тексеру күні басталды. Директор, тәрбиешілер және интернат советінің председателі Дүйсенов қатысқан комиссия бөлмелерді шеттен аралап байқауға кірісті. Комиссияның келуіне Сәрсен ұқыпты дайындалды. Бөлме тазаланып та бітті.

Шанқан ақ простыналар мен гүлді одеялдар бір төгіс, сәнді жинастырылған. Мамық жастықтардың тыстарында кіршік жоқ. Ті-



гісін жатқыза, шәршөлай бүктелген қолорамалдар гүл шоқтарындай көрінеді. Әшейінде қобырап жататын Әбдірдің төсегі де бүгін ұқыпты жиналған.

Бөлмені ретке келтірген балалар үй ортасында үнсіз топтана тұрып, төсекке, тумбочкаға, стол үстіне көз жібереді. Шашау шыққан, бөлме тазалығына дақ келтіретін не бар деп жіті көздейді.

Комиссия есіктен риза бола кірді. Директордың жүзіндегі жайдарылық оның сүйсініп тұрғанын танытқандай.

— Бұларды таза тұрады деп айтуға болар,— деді ол комиссия мүшелеріне қарап. Әбдір жайнаң қағып Сәрсенге қарады.

Шаруашылықты меңгеруші кісі төсектердің астын көтеріп қарап жүр. Артық ешнәрсе жоқ. Неткен ұқыптылық! Кенет ол Әбдірдің төсегінің шетін көтерді де, селт етпей, қимылсыз тұрып қалды.

Балалардың екі беті осып өткендей дуылдады. Әбдір ернін тістеді.

Простыня мен матрац аралығында, аяқ жақта, Әбдірдің кір іш көйлегі жатыр еді.

* * *

Интернат ауласының ішінде оқшау отырғышта өзімен өзі оңаша Әбдір отыр. Оның ұяң, сынық жүзінде бір қапалықтың, ауыр ойдың ізі бар. Ол осы алқапқа нұр төге туған айдың құмды қырқалардың иығына жүзіп шыққанын да, оның бұлт астына жасырына жүріп сығалағанын да байқаған жоқ.

— Жүр, Әбдір, ұйықтайық,— деп қасына келген Сәрсеннің лебізін естігенде ғана, орнынан тұрып, белін жазды.

А. Құдайбергенов.

Маңғыстау ауданы.

Көзгерген фаншия

ӘНГІМЕ

Жасы жетпістің жетеуіне келген, сақалы кере қарыс Алпысбай деген менің атам бар. О кісінің колхозымыздағы өзі тұстас қарттардан сырт кейпіндегі өзгешелігі сол, ерсілеу болса да айтайын, оның дәл төбесі отқа күйген терідей бырысып-бырысып қалған тыртық. Атам қандай мәртебелі қонақтармен бірге отырса да, басын жоғары көтере, маңғазданып, жалаңбас отырады. Қымсынбайды. Оның бұлайша отыруына мен намыстанушы едім. Әсіресе, кейбір бейпіл

ауыз балалардың: «ойма таздың баласы» деп атауы бойымды ызғардай қарушы еді.

Бірде клуб алдында топ баламен тұрғанмын. Араларымызда жоғарғы класс оқушылары да бар-ды. Кім екенін білмеймін, әйтеуір біреу:

— Самалбек! — деп шақырды. Анадай жерде біздің кластың бір топ оқушылары тұр еді, солардың бірі дауыстады ма деп бұрылсам, ешқайсысы үндемейді. Тұра бердім. Әлден соң:



— Ойматазов! — дегені әлгі дауыстың. Құлағым үйір болып қалған аңқау басым:

— Ау! — деп жалт қарағаным.

Балалар ду күлді. Бұрынғы ұялу ұялу ма, аңшы қуған қояндай зытып отырып үйге келдім. Атам жалаңбас отыр екен. Киноға неге кірмегенімді естіген соң, басын сипап-сипап қойып:

— Жарайды, балам, ертеңнен бастап сені бұл пәмелядан құтқарайын, — деді.

* * *

Класс ішіндеміз. Орындықтар алқа-қотан қойылған. Балалар ортамызда отырған атамның әңгімесін ынтамен ұйып тыңдап отыр.

— Әкем байғұс, — дейді ол, Пұшпақбай атты марқұм бабамды еске түсіріп, — қой соңында салпақтап жүруден басқаны білмейтін, қолына ұстара ұстап көрмеген жан еді. Бір жез іскегімен сақал-мұртын талдап жұлып отырғанын жиі көретінмін. Шашымызды бишара әкем малайлықта жүрген Ұласбай байдың Ласбай деген жиені алатын. Ласбай десе ласбай болатын. Ерніне насыбайды салып алып, шиканша томпитып жүретін. Отырған жерін түкіріп, қақырып лезде лаптап тастайды. Түнде жатқанда да түкірініп-қақырынып жатады екен, бәтшағар. Талай рет үйіне барып көрдім, төсегі таяу қойылған кереге со бойынша қатып қалған қақырық.

Оқушылардың кейбіреулерінің жиіркенген ыңғайын сезіп қалған атам:

— Ай, балаларым-ай, — деді, кешірім сұрағандай жұмсақ үнмен, — мәдениеттірек сөйлей алмай, жүректеріңді айныттым білем, ә!?

— Айта беріңіз, ата, айта беріңіз.

Атам ұзын мұртын ширатып қойып:

— Алаботаны білетіндерің бар ма? — деп сұрады.

— Білеміз, білеміз, — десті бірнеше дауыстар.

— Қарасы өшкен қаралы заманда біздің қазақ сабынға да зәру еді. Сол алаботадан сабын жасайтын. Бүрлеген мезгілде шабады, кептіреді, бүрін түсіріп алмастан жинайды, өртейді. Бүрі қорғасын түстес күл болады. Күлді малдың майына қосып қайнатады, сабын алады. Менің жұдырығымдай, — деп атам тарамыстары білеуленген оң қолын жұмды, — сабын алу үшін, екі қадақтай май керек. Ондай май қайда бізге, сіңірі шыққан кедейміз. Шашымызды құр сумен жібітеміз. Әкем құйқамды ауыртып алмайын деп жөнді ысқыламай ма, әйтеуір Ласбайдың алдына келіп бір тізерлеп отыра қалғанымда:

— Уай, Пұшпақбай, құйқасына су тимепті ғой мынаның, — деп, түкіреді кеп басыма. — Тфәй, тфәй!

Лаж жоқ, шыдайсың. Кір шаш түкірікке қайтып жіби қойсын, анау ұстараны екі тартады да, тағы түкіріп, ысқылайды. Қолы түрпідей еді, құрығанның. Бірде құйқамды сыпырып жатқандай сезіндім. Дауыстап жіберіп, бұлқындым. Басымды босату қайда, екі тізесінің арасына қысып алыпты.

— Шыда, балам, шыда, — дейді әкем бөйек болып.

— Ой, жасық неме! — деп жекіріп, Ласбай тізесін қыса түседі. — Бұрынғылар шашын сиырдың қабырғасымен алғызатын. Қыңқ демейтін сонда. Мал болатын неме емессің ғой өзің, бұралқы итше бұлтаңдайсың, ө!?

Арық, қаз мойын қатпа бала едім. Желкем қалайы қасықтай шұңғыл еді.

— Мынауыңнан, — деді Ласбай әкеме, ұстараның сабымен шұңғылды нұқып-нұқып қойып, — түбінде саған опа келмейді. Көремісің мына сайтанның ұясын, ім-м...



Сөзге сараң, момын әкемнің жауабы мынау болды:

— Тірі болсын, әйтеуір, ел қатарлы күн кө...

Ласбайдың кемітуіне зығырланған мен әкемнің сөзін бөліп жібердім:

— Өтірік, мен әке-шешемді өле-өлгенше асыраймын. Бұдан артық не дегенімді білмеймін. Басымды қыспақтан допша жұлып алған сәтте, дәл төбемнің алақандай жерін ұстара осып кетіпті. Басым қанға малынып, талып қалыппын.

Балалар үнсіз ойланып қалды.

— Ойма таздың сыры осы, балалар,— деп, атам езу тарта күлді. Сол күлкі «Ойма-тазов» деген фамилияны біржолата ала кетті.

Қ. Нүсіпәлиев.

Алматы облысы,
Нарынқол ауданы.

Орақбай

Біз отырған машина Базар өзенінен өтіп, Қубас деп аталатын биік кезеңге таяй бергенде, жолдың Түйемойнақ жақ кең алқабында, сағым ішінде бұлдырап, ноқаттай бір нәрсе көзге шалынды. Нұрахмет қарт мұны қолымен нұсқап:

— Жаңылмасам, менің 12—13 жасымда осы мола салынып еді. Онда менің ел көшкенде тайға мініп, мал айдасып жүретін кезім. Бұл — Орақбай деген батырдың моласы,— деді.

Біз қарттан Орақбай туралы әңгіме айтып беруді өтіндік.

Батырдың ерлігі туралы Нұрекең мынадай бір әңгіме айтты:

Орақбайдың күшіне сай жүректілік жарғын үлкендер баса сөз етуші еді. Ол кезде батырлардың үйде отыруынан, түзде жүруі көп болады екен. Сондай күндердің бірінде елсіз, шөл далада атын тұсапты да, сырт киімдерін астына салып, ерін басына жастанып жатып қалса, көзі ілініп, қор ете түсіпті. «Бір мезгілде,— депті батыр,— кеудем мұздай болып, денем тітіркеніп кеткендей болған соң, көзімді ашып алып, денемді қимылдатпастан абайласам, дәл кеудемде зәрін шашып, оқтын-оқтын тілін жалақтап тұрған жуандығы оқтаудай жыланға

көзім түсті. Мұлт қимыл жасауым өзіме хауіпті екенін сездім. Не болса да, көзімді қысыңқырап, аузымды ашып, демімді ішіме тартып, жыланның кеудемнен жоғары өрлеуін бақтым. Сәлден соң барлық денесін бір жерге топтап иіріліп, біресе оңға, біресе солға басып созып-созып алды да, ілгері қарай жылжып менің ашулы аузыма кеп басып сұғып кеп алды. Күрек тісіммен қарш еткізіп, түф деп түкіріп тастағанымда, құйрық жағымен осып-осып жіберді. Дәл бір қамшыгер адамның ұрғанынан кем емес пе деп қалдым. Әйтеуір бір жақсысы, улы жылан емес екен», — депті.

Қ. Оразалин.





ӘНГІМЕ

Түс кезі. Шай ішіп отырмыз. Кенет есік ашылды да, бізбен көрші тұратын Базарбайдың Сағымбайы ентелей басып кіріп келді.

— Шүйінші, шүйінші! — деді ол тура әжемге қарап.

Алыстан жүгіріп келгенге ұқсайды. Еңтігіп тұр.

— Шүйінші, шүйінші!

— Не хабар, айтсайшы! — деді әжем ынтыға.

— Шүйіншімді беріңіз, әйтпесе айтпаймын, — деді ол қасарып...

— Шүйіншің ешқайда да қашпайды, шырағым, айта бер.

Папам да:

— Айта ғой, — деп жатыр.

Сәлден соң Сағымбай:

— Әже, оқудағы балаңыз келе жатыр, түнде түсіпті, ағам айтып келді, — деді.

Мұны естіген әжем әбігер болды да қалды.

— Е, айналайын, мұндай қуанышты хабар өкелген кісіге бермегенде, кімге берем шүйіншімді, — деп әжем елу сомды Сағымбайға ұстата салды.

Қолына ақша тиген Сағымбай жадырай қалды.

— Ай, апа-ай, балаға ақшаны бекер бердіңіз. Жаман үйренеді ғой! — деді папам Сағымбай шығып кеткен соң.

— Е, шырағым-ай, атамзаманнан келе жатқан дәстүр емес пе бұл?! «Шүйінші сұрап барған Базарбайдың баласын күр қол

Шүйінші

қайтарыпты», — деп сөз етпей ме жұрт?.. Атағы жаман ғой.

Папам ары қарай ештеңе демеді. Тек қана: «Сен Сағымбайдан тәлім алып көрші, көрсетейін», — дегендей, маған алара қарап қойды. Әжеме шамасы келмесе де, оның әлі маған жететіні өзіме аян.

Мен үндеген жоқпын. Әйтседе, әжемнің Сағымбайға берген елу сомы ойымнан кетпей, оңашада:

— Әже, оған неге көп ақша бердіңіз? — деп сұрадым.

— Оным шүйінші ғой!

Шүйінші дегенді бұрын естіген емес едім.

— Әже, шүйінші деген не ол? — деп сұрадым.

— Қуанышты хабар айта келген кісі шүйінші сұрайды. Ал, ондай кісіге ақша береді, болмаса көйлек кигізеді.

«Ай, Сағымбай-ай, қу екенсің! — дедім ішімнен тағы да ақшаны есіме алып. — Елу сом!»

* * *

Кемел көкем қысқы каникулға да келетін болды. Мінген поезын айтып телеграмма салды. Үйішімізбен қуанысып қалдық. Ертеңіне колхоздан машина алып, қалаға жүруге дайындалып жатыр едік, кенеттен ойыма шүйінші түсе кетті.

— Әже, осы шүйінші сұраса, кім болса да ақша бере ме? — деп сұрадым әжемнен.

— Береді. Неге бермесін? Ұят болады бермесе.

Құлақшынымды баса кидім де, жүгіріп отырып, Сағидың үйіне бардым.

Бәрі де үйде шай ішіп отыр екен.


— Шүйінші, шүйінші! — дедім кіре бере, бір елу сомдықты мен де қақпақшы болып. Аздап ұялыңқырадым. Бірақ Сағымбайдың біздің үйде осылайша тұрғанын есіме алдым да, өзімді мығымдау ұстадым.

— Иә, иә, о не? — деп сұрады олар менен.

— Кемел көкем келе жатыр. Шүйінші. Телеграмма!

Олар:

— Жақсы болыпты, бітіріп келді ме? — деп сұрады тағы да. Біріне бірі қарап күліп қояды. Мен сұрақтарына жауап та бергенім жоқ. Ойым ақшада. Елу сомдықты қашан берер екен деп дәмеленіп тұрмын. Әжей-



дің әрбір қимылын қадағалаудамын. Ол қозғалған сайын, қалтасынан елу сомдықты алып ұстата қоятындай көрінеді маған. Бірақ бере қоймады. Мүмкін, көйлек кигізер!..

— Жүр, ойнайық,— деді Сағи орнынан тұра келіп. Үй ішіндегілердің шүйінші бермейтін сыңайын таныдым да, амалсыздан Сағиға ердім. Өзімді ұят қысты. Құр қол қайтқаным да өкінем.

Суық күнде тоңбайын деп, үйге жеткенше жүгірдім. Жолшыбай келе жатып Сағидың әжесін ойлап қоям. Маған ақша бермегендігі үшін жек көріп келемін. Әлде «Шүйінші сұрап барғанға ақша береді, не көйлек кигізеді»,— деп өз әжем мені алдады ма екен ә?!

Үйге келсем, әжемдер машинаға отырып, жүргелі жатыр екен.

— Әмет-ай, жүр тез, кетеміз,— деп шақырды әжем.

Мен машинаға келіп міндім.

— Қайда жүрдің осы суықта?

— Шүйінші сұрап барып едім...

— Кімнен? — деп сұрады әжем таңырқай.

— Сағидікінен,— дедім көңілсіз.

— Не берді шүйіншіңе?

— Дым да берген жоқ!

Әжем мен мамам күліп жіберді.

Папам үнсіз қабағын түйді.

А. Исаев.

ҚОРАЗ БЕН ТЕКЕ

МЫСАЛ

— Демалып шырты ұйқыда жатқанымда,
Түс көріп көп қызыққа батқанымда,
Сабалап қанатыңды бақырасың,
Желігіл жеті түнде шақырасың,
Осыңыз ұнамайды-ау, қоразеке,—
Деп еді маңғазданып қара теке.
— Ой, пәлі-ау! — деді қораз,— текешігім,
Қисынды болса игі еді көкесінің,
Алғыс айт, қайта маған, ата-анама,
Егер мен шақырмасам таң ата ма!..

Ө. Тілеубеков.

ТЕНТЕК ІНІЛЕР

ӘНГІМЕ

Сыздықтың қар-қар болған «ақ қояны» мен құлақшынын, қоншына қар толған пимасын әжесі шешіндіріп жатты. Ал, әжесіне сырғанақтағы қызықты айтудан оның аузы босар емес.

— Әлгі Сәлім бар ғой, сырғанақ тебе білмейді өзі, шанаға дұрыс отыра алмайды. Ойға қарай зымырап келе жатқанда шана екі рет төңкеріліп әншейін, жамандап домма-ллап-до-ммал-лап кеткендері бар ғой...

Аяз сүйген болпиган жузі бал-бұл жанып, мұрынын жиілетіп тартып, тоңған аяқ-қолдарын ауызғы үйде лаулап жанып тұрған пешке жылытып болғанша да әңгімесінің шетіне шыға алмады. Әлі де бір сыпыраға апаратын еді, кенеттен көкесі кіріп келді.

Сыздық орнынан атып тұрды:

— Көке, мамам қайда? Келді ме? — деп сұрады, шешесі Жамалға аумай тартқан бота көзі жаудырап.

Үй шаруашылығына ұсталатын үлкен сумканы пешке таяу биік столға қойып жатқан көкесі:

— Жоқ, жаным... Келмеді, — деді көңілді жауап қатып.

— Нім-м... Неге әкелмедің?.. Әкелем деп ең ғой, — деп Сыздық ренжи, әрі еркелік аралас қабағын түйіп, аузын бұлтитты. Тәм-піш танауын шұқылап, төмен қарады. Оның мамасы совхозда әйелдер босанатын үй болмағандықтан, аудан орталығына кеткелі аптаға жуықтап қалған. Содан бері Сыздық шешесін қатты сағынды. «Мамама барамын, сағындым!» — деп жиі қыңқылдайтын. Бірақ осы қыс ішінде оны суыққа тоңдыруды әжесі мен көкесі лайық көрмеген. «Өзі келеді, бөпе әкеледі, шыда», — деп алдарқатып, жұбата беруші еді. Көкесі қазір де:

— Әкелем деген соң, әкелемін ғой, асықпасаңшы, — деп таусылмас уәдесін тағы қайталады. — Саған мамаң да, Болат пен Қайрат та сәлем айтты. Тентек болып әжесін ренжітіп жүрмесін, екі-үш күннен соң өзіміз барамыз деп тапсырды. Мына конфет пен печеньені Болат пен Қайрат екеуі беріп жіберді саған.

Үлкен аға болып екі бірдей інісінен сәлемдеме алған Сыздық мықтап қуанды. Сәлемдемелерді қылдай қақ бөліп, жартысын өзіне қалдырды да, қалғанын әжесіне апарды.

Әжесінің «көп жаса, балам», — дегенін естігеннен кейін, жүгіріп көп көкесінің тізесіне шығып алды.

— Көке, — деді ол көкесінің бетіне шалқая қарап, аузындағы печеньесі бөгет жасағандықтан әзер сөйлеп, — бөпелердің аттарын неге Болат, Қайрат қойдың, ә? Сыздық деп неге қоймадың?.. Онда ғой үш Сыздық болар едік.


Әкесі ұлының бетіне қарап жымыды.

— Болат дегенім бе? Ол мықты болған соң ғой.

— А... Қайратты-шө?

— О, Қайрат та солай ғой. Мықты, күші көп деген сөз ол.

— Ә... сонда... екеуі де мықты, ия? Тіпті менен де мықты ма?



Сыздық өзі теңді балалардың бәрін жығатын. Далаға шығып келсе-ақ: «Бүгін Сәлімді алып соқтым. Тайбекті жығып кеттім», — деп мақтана жөнелетін. Сондықтан, өзін мықты санаушы еді. Ұлының осы осал жері өзіне мәлім көкесі қулана езу тартты. Артынша:

— Әрине, мықты олар. Күрессе, сені алады да ұрады, — деп шын айтып отырғандай салмақты түрге түсе қойды.

Сыздық ойланып қалды. Бір кезде:

— Олар сонда... мықты болған соң тө-

белесе бермей ме? — деп көңіліне келген күдікті айтып салды.

— Жоқ, неге төбелессін бет алды. Бірақ, кім біледі, сол жамандарды, төбелесулері де мүмкін.

— Сонда мені сабай ма?

— Аузыңды бұзып жібереді,— деп күлді көкесі.

Сыздық қайтып сұрақ беріп мазалаған жоқ. Қабағын түйіп, аузын тамсанды. Ойла-нып, біртүрлі мұңайып қалды.

* * *

Көкесі, мамасы, әжесі — бәрі он шақты күннен бері тұңғыш рет түгел бас қосып, ауызғы үйде шай ішіп отырды. Жиналған көршілер де көп-ақ. Гүлдеседі-ай келіп бәрі. Бірақ, Сыздықтың олармен ісі жоқ. Ол көбіне төргі үйде айналшықтап, шықпай жүр. Өйткені, көкесі мен мамасының үлкен ақ кереуеті үстінде Болат пен Қайрат қатар түзеп жатыр. Сыздық оларды көргісі кеп барады. Мамасы әлгінде: «Бұлар жол жүріп шаршап келді, ұйықтасын. Мазалама» — деп ескерткен болатын. Соны есіне ұстаған ол жолай алатын емес. Екінші жағынан «Төбелес шығармайтын болса, көрер ме еді өздерін? Күрессе!» — деген ой да тағат таптырмайды.

Кенеттен, Болат па, Қайрат па, Сыздық қайдан білсін, әйтеуір екеуінің біреуі бақы-



рып қоя берді. Дәл соны күткендей, екіншісі де қосыла кетті. Мамасы жүгіріп кеп оларды уатуға кірісті. Орауларын шешті. Сонда барып оларды анықтап көруге Сыздыққа мүмкіндік туды. Үлкендермен қосарланып, інілерінің өкпедей болпиган беттеріне маз бола қарайды. Ал, Болат пен Қайрат болса, сона шағып кеткендей бұлтиған көздерін ашуға да ерініп құндақтан босаған аяқ-қолдарын ербеңдете бастады. Сыздық үңіле түсті. Онысына ашуланғандай Болат бақырып жіберді де, кіп-кішкентай қызыл шақа жұдырығын сермеп қалды. Егер қолы сәл ұзындау болса, Сыздықты тұмсыққа түйіп жіберер еді. Әйтеуір, қолының жетпегені дұрыс болды. Сыздық шошып кетіп, жалмажан басын тартып ала қойды. Әжесіне барып тығылды. Түрі өзгеріп кеткен.

— Әже... Әже! — деді ол, әжесінің көйлегінен абыржи тартқылап, — аналарды қарашы, төбелесейін деп жатыр... Маған жұдырықтарын көрсетеді.

Үлкендер ду күлісті. Әсіресе, әжесі көзінен жас аққанша күлді. Сөйтіп тұрып:

— Ендеше маңдарына жолама, аулақ жүр, — дейді әжім шалған жүзі немерелерінің қуанышынан жасарғандай нұрлана түсіп.

— Қарашы өздерін, әже, мені ұрмақшы болады, — деп Сыздық аузын бұлттып, наразылық білдіреді. Болаттың жұдырығын сермеуі де орасан.

— Өй, екі тентек! — деп мамасы оларға ұрса бастады. Қарашы, Сыздықты ұрғылары келеді... Өй, жамандар сол.

Мамасы дұрыс айтады. Себебі, «тентек адам жаман болады» дейтін әжесі.

— Өй, жамандар, — деп ұрысты Сыздық та мамасын арқаланып.

— Қарашы өздерін... Әже... Әже, төбелеспендер, жаман болады деп неге айтпайсың өздеріне?.. Айтсайшы...

— Қойыңдар дедім ғой, мен сендерге, тентек жамандар... Тимендер Сыздықжанға.

Әжесі біреуге ұрысса, ақыл айтса, күлмейтін еді, бұл жолы күле береді. Жалғыз әжесі емес, бәрі де күледі. Төбелескен балаларға күлуге бола ма?.. Көкесі ұқсап, ақыл айту керек емес пе? Әлде, Сыздықтың өзіне айтқандай оңашада айта ма екен? Тезірек неге айтпайды. Кім біледі, үйде ешкім жоқта екеулеп жабылып жүрер. Ойыншықтарды да осы бастан жинап, тығып қою керек екен, тартып алып, сындырып тастап жүрер, бұл жаман екі тентек...

Е. Мырзахметов.



Вожатый Н. А. Зинурова октябряттар ортасында.

Суретті түсірген П. Кадушин.

ӘДІЛ ОСПАНОВ — ОКТЯБРЯТ

Әділ үйге көңілдене, дауыстап кірді:

— Мама! Ау мама!

Мамасы үйде жоқ еді. Төр үйден әкесі шыға келді: бір қолында газет, екінші қолында көзәйнегі. Ол көзәйнекті тек оқығанда ғана киетін де, біреумен сөйлескенде, қолына ұстап тұру әдеті болатын.

— О не? Не айтасың?

Жауап беру орнына Әділ пальтосының желбегей өңірін ашып жіберіп, омырауын көрсетті. Онда қып-қызыл жұлдызша түйреулі тұр. Қарақат көзі шат күлімсіреп, еңтігіп демалуына қарағанда, осы қуанышын ата-анасына тезірек жариялауға ынтығып келгендей.

— Бұл не? Немене?— деп сұрады ұлын желінтіп тұрған сезімнің мән-сырын жөпелдемеде аңғара алмай қалған әке.

Әділ айбынданып жауап берді:

— Біз енді октябрымыз!

* * *

Сабақ бітісімен екінші «Б» класына аға пионер вожатый Надежда Андреевна кіріп келді. Оны оқушылар таңитын еді. Текке келмейтінін де жақсы білетін. Оның әлдене айтатынын сезіп, балалар іркіліп қалды. Ең артқы партада отыратын тынымсыз Гена Попов қана тұра жүгіріп барып, вожатыймен есік алдында тоқайласып тоқтады.

Оқушыларды қайта отырғызып тыныштандырғаннан кейін:

— Балалар, кешкі сағат бесте бірін қалмай пионер бөлмесіне келетін болыңдар. Сендерді қамқорлығына алған бесінші «Б» класы пионерлерінің отряд жиыны болады. Қатынасуларын әбден қажет. Жиында «Мен не жасай алам?» деген тақырыпта әңгіме өткізіледі. Өздеріңнің аға жолдастарыңның аралуан өнерімен танысыңдар. Олардың қолынан шыққан нешетүрлі әдемі заттарды көресіңдер. Ал, ең бастысы, сендер үшін

куанышты үлкен бір жаңалық оқиға болады,— деп хабарландырды аға пионер вожатыйы.

— О не?

— Қандай жаңалық?

— Немесе оқиға?— деген ынтықпа сұрақтар қаптап кетті.

— Оны қазір айтпаймын,— деді вожатый Зинурова,— өз уағында көресіңдер.

— Япырай, бұл не екен? — десіп, оқушылар күштар болып тарасты. Соның бірі Әділ Оспанов еді.

Әрине, сағат бесте мектептің пионер бөлмесіне екінші «Б» класының оқушылары түгел жиналды. Бұл — өзінің тәртіптілігімен, ұйымшылдығымен былтырдан бері аты шығып жүрген класс. Әлгі аға пионер вожатыйы айтқан үлкен жаңалық оқиғаның ең әуелі өзге класс емес, дәл осы кластан басталуы да, сірә, кездейсоқ жағдай емес сияқты.

Пионер бөлмесінің бір қабырғасы көрмеге арналған. Онда жас шеберлердің өз қолдарымен істеген түрлі әсем заттары тұр. Кестемен тігілген Ленин портреті. Кестеші— Аристова Вика.

«Ту — 104» реактив самолетінің моделі: жасаған — Виталий Эрлик. Кішкенеелігі болмаса, дүние жүзіне аты, көркі мәлім тамаша ауа қораблiнен бір айнамайды. Жас ұрпақтар бірінен соң бірі қолға алып, қызыға қарайды. Сол бір сезімтал минуттарда сәби кеуделерде қандай ұшқыр қиялдар оянбайды дейсіз. Мына тұрған тампыш мұрын Әділ Оспанов бұдан да өткен ғажап бір машина ойлап тауып, ендігі жер әлемін әлденеше рет айналып та үлгерген шығар.

Бесінші класс оқушылары өз өнерлерін табанда жүзеге асырып, істеп те көрсетіп, жас қонақтарын одан бетер әсерлендірді. Бас-аяғы он шақты минуттың ішінде Сәлима Қарасаева бірнеше дәмді котлета пісіріп, үлестіріп берді. Бір үзім котлета Әділге де тиіп қалды. Жеп көрсе, жаман емес. «Бір-

бір бүтін котлетадан берсе де зиян етпес еді-ау»— деп ойлап қойды Әділ.

Тағы да бірнеше пионерлер өз өнерлерін көрсеткеннен кейін жиынның ойын-сауық бөлімі басталды. Хор айтылды. Әсерлі Москва-Пекин әні. Мүмкін, дәл осы кезде осы тамаша достық әнін алып Қытайдың сан мың мектептерінің бірінде өз ана тілдерінде қара домалақ қытай балалары да осылайша жігерлене шырқап тұрған болар.

Сәлима Қарасаеваның аспазшылық қана емес, бишілік өнері де мығым екен. Қарашы, «Қамажайдың» ырғақ-нашына елтіп, қалай бұралып, шыр көбелек айналады! Әділдің қиялы әлі де желдей еседі. Пионер болғанда мен де бұлардан кем қалмаспын деп ойлап қояды. Украин биі, орыс биі, өзбек әні, татар әні... Өзі білетін «Елочка» әнін айтқысы кеп, Әділдің делебесі де қозып-қозып кетеді.

Пионерлердің концертіне жас көрушілер дән риза болысты. Жиынның бірінші бөлімі осымен аяқталды. Ендігі кезек қонақтарға келген секілді. Надежда Андреевна екінші «Б» класының балаларын сапқа тұрғызды.

— Балалар, пионерлердің көрсеткен өнерлері мен ойындары ұнады ма сендерге?

— Ұнады, — деді балалар бірауыздан жамырай дауыстап.

— Сендердің де осындай іспен шұғылданғыларың келе ме?

— Келеді.

— Олай болса, біз сендерді қазір октябрыт етіп қабылдаймыз. Сендер енді қарапайым емессіңдер, октябрытсыңдар. Өз отрядтарың, ұйымдарың болады. Неше алуан қызық іспен шұғылданасыңдар!

Осының бәрі Әділ әкесіне ғажаптана әңгімелеп отыр. — Мына жұлдызды, — дейді ол, — біздің кеудемізге бесінші кластың пионерлері қадады. Мен енді қарапайым оқушы емеспін, октябрытпын!

Б. Соқпақбаев.


Алматы, 28 мектеп.

А Н А М А

Мен күлсем бірге күлдің бақып құшып,
Қаз тұрсам тәй-тәйләдің алға түсіп.
Былдырлап «апа» десем айналушы ең,
Кеудеңе, құлыным, деп қымтай қысып...
Қызықтап «базарыңа» тоя алмадың,
Алдыңда еркелікті қоя алмадым.

Күн өтті... Қарай бердің үміттеніп,
Жатқандай болды менде ой, арманың.
Еліне еркеледі балапаның,
Жылы екен, жұмсақ екен алақаның.
Бүгін де ойлар толғап сол құшақта,
Атқызып отырмын мен дала таңын.

С. Асанов.



ЖЕРДІҢ ЖАСАНДЫ СЕРІКТЕРІ

Балалар, сендер Жердің жасанды серіктері туралы радиодан, газеттен естіп жүрген боларсындар. Мұның не екенін түсіну үшін аспан денелерінің үш түрін білу керек. Ол үшеуі мынау: Жұлдыз, Планета, Серік.

Жұлдыздар дегеніміз — аспандағы сансыз көп шырақтар. Олар өте қызулы балқыған заттан тұрады. Осы қызуы арқасында олар өзінен жарық сәуле шашады, жарқырап көрінеді. Аспандағы сол сансыз көп жұлдыздардың бірі — Күн. Басқа жұлдыздардан Күн бізге әлденеше есе зор болып көрінеді. Бірақ, ол расында басқа жұлдыздардан зор емес. Күннен әлденеше есе зор жұлдыздар бар. Күн — кішкене жұлдыздардың бірі. Күннің зор болып көрінуі оның бізге жақындығы. Басқа жұлдыздардан Күн бізге бірнеше жүз мыңдаған есе жақын. Осы жақындығы арқасында Күн бізге әрі зор, әрі қызулы, әрі жарық болып аңғарылады. Күннің жарығы сонша күшті болғандықтан жұлдыздар күндіз көрінбей, тек түнде көрінеді.

Планета дегеніміз — жұлдыздардан әлдеқайда кіші, салқындаған денелер. Салқын болған себепті олар өзінен сәуле шашпайды, өздігінен жарқырамайды. Басқаша айтқанда, планеталар — жұлдыздардан кішкене, қараңғы денелер. Планеталардың қозғалысы жұлдыздармен байланысты. Басқаша айтқанда, планеталар жұлдыздарды айналып жүреді. Планеталар жарықты да сол жұлдыздардан алады. Планеталар жарығы — айнаға түскен жарық сияқты, шағылу жарығы. Адам баласы мекен еткен Жер — сол планеталардың бірі. Жердің айналып жүретін жұлдызы — Күн. Күнді айналып жүрген Жер сияқты сегіз ірі планета бар.

Жермен тоғыз. Күн жағынан бастап санағанда, олар мыналар: Кіші Шолпан (Меркурий), Шолпан (Венера), Жер, Есекқырған (Марс), Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон. Жердегі адамдарға бұл планеталар жұлдыздар сияктанып көрінеді. Сондықтан оларды жай халық жұлдыз деп атайды. Мысалы «Шолпан жұлдыз», «Есекқырған — Қызыл жұлдыз» деп келеді.

Серік дегеніміз — планеталардан да кішкене, онан да салқын денелер. Олардың қозғалысы планеталарға байланысты. Планеталардың жұлдызды айналып жүретіні сияқты, серіктер планеталарды айналып жүреді. Сонымен планета жұлдызды айналғанда, онымен қоса айналатын кішкене планета серік деп аталады. Жердің серігі — Ай. Сол сияқты серік — айлар басқа планеталарда да бар. Марста екі серік, Юпитерде он екі серік, Сатурнда тоғыз серік, Уранда бес серік, Нептунде екі серік бар. Серіктер де планета сияқты жарықты жұлдыздардан алады. Жер де, Ай да жарықты Күннен алады. Ай жарығы — айна жарығы деген сол.

Сонымен Күн — жұлдыз, Жер — планета, Ай — серік деген атауларға ие.

Бұл айтылып отырғандар — табиғи серіктер. Басқаша айтқанда, сол планеталардың өздерімен бірге шығып, қоса жасасып келе жатқан денелер. Ай — Жердің табиғи серігі.

Жердің жасанды серігі дегеніміз не? Ол — қолдан жасалған, Жерді айналып жүретін кішкене Ай. Ол қалай жасалған? Соған келеміз. Оны түсіну үшін мынау сұрақтарға жауап беру қажет.

Аспандағы жұлдыздар, планеталар біріне бірі соқтығыспай, құлап кетпей қалай

түр? Сол сияқты Күн, Жер, Ай қалай түр? Оларды не көтеріп түр?

Олар бірін бірі тарту арқылы түр. Әрбір заттың салмағы бар екені белгілі. Салмақ дегенді тарту күші деп түсінуге болады. Аспанға лақтырған тас жерге қайта түседі. Оның себебі тастың салмағы бар. Басқаша айтқанда, жердің тарту күші өзіне тартып алды деуге болады.

Заттың салмағы мен тарту күші дегеніміз бір-ақ ұғым. Зат неғұрлым ауыр болса, оның тарту күші де сол ғұрлым күшті болмақ. Екі зат бір-бірінен қашықтай берсе, олардың арасындағы тарту күштері де әлсірей бермек.

Сонымен, әрбір заттың тарту күші сол заттың салмағына тура құрылымдас, ара қашықтығына кері құрылымдас.

Бірінші заттың салмағын m_1 әрпімен белгілейік. Оның екінші затпен ара қашықтығын r әрпімен белгілейік. Оның тарту күші F_1 тең болады:

$$F = \frac{m_1}{r^2}$$

Дәл осы ретпен екінші заттың салмағын m_2 әрпімен белгілейік. Екеуінің ара қашықтығы ортақ r қалпында қалады. Екінші заттың тарту күші F_2 тең болады:

$$F_2 = \frac{m_2}{r^2}$$

Екі заттың арасындағы тарту күштері — бір-біріне үстелетін ортақ күш. Сол себепті жоғарыдағы екі жеке күштерді көбейтеміз. Сол көбейтіндіміз ортақ тарту күші болып шықпақшы. Ортақ тарту күшті F әрпімен белгілейміз. Ол тең болады:

$$F = \gamma \frac{m_1}{r^2} \cdot \frac{m_2}{r^2}$$

яғни

$$F = \gamma \frac{m_1 m_2}{r^2}$$

Мұндағы γ — тарту күштің теңгерме көбейткіші, бір тұрақты сан.

Бұл келтірілген теңдеу — Ньютон заңы деп аталады. Сөзбен айтқанда, ол былай болып шығады:

Екі заттың арасындағы тарту күші — олардың салмақ көбейтіндісін ара қашықтық квадратына бөлгенге тең.

Жер бетіндегі зат осы тарту күштен құтылған болса, ол аспанға ұшар еді. Басқаша айтқанда, зат салмағынан айрылса, ол аспанға ұшады.

Ньютон заңы бойынша, зат жер бетінен неғұрлым жоғары көтерілсе, оның салмағы сол ғұрлым жеңілдей бермек. Олай болса, қолдан жасалған шарды күшті екпінмен аспанға ататын болсақ, ол жоғарылап барғанда бір мөлшерде салмағын жоғалтады. Салмағы жоғалған шар өзінің жерден атқандағы екпіні бойынша жерді айнала береді. Міне, Жердің жасанды серігін жіберу дегеніміз осы.

Ол шарды, яғни Жердің жасанды серігін, ұшыру үшін оның затын таңдап алу, оны ататын қуаттың екпінін табу ғылым мен техниканың зор табысын керек етеді. Оған математика, физика, химия ғылымдарымен қатар, инженерлік техникалар қатысады.

Шарды Жер бетінен бірнеше жүз километр биікке ату керек.

Мысалы Совет Одағы жіберген бірінші жасанды серік 600 километрге атылды, екінші жасанды серік 900 километрге атылды.

Оларды атушы, яғни ұшырушы құрал ракета деп аталады.

РАКЕТА дегеніміз — газдың тебу күші арқылы атылып, соның екпінінен өз бетімен ұшатын машина.


Мылтық дәрісі тұтанып жанғанда, газ пайда болады. ол газдың қысымынан оқ ұшады. Газбен оқ ұшқан кезде оның дүмпінен мылтықтың құндағы кейін тебеді. Газдың тебу күші деген осы. Сол тебу күштен мылтық соқпасын деп, мергендер құндағын кеудесіне мықтап тіреп атады.

Газдың тебу күшін пайдаланып атылатын оқты ракета дейді. Ракета газдың шыққан жағына қарама-қарсы ұшады. Мысалы газ төмен қарай шығатын болса, ракета жоғары қарай атылады. Салют шарларын осы ракета арқылы атады.

Ракетаны бірнеше түйіннен тізбектеп тіркемелі түрде жасауға да болады. Тіркемелі ракетаның бірінің қуаты таусылғанда, екіншісі тұтанып отырады. Қуаты таусылған ракета бөлініп қалып отырады. Соның арқасында әрі қарай ұшатын ракета салмағы жеңілдейді. Салмағы жеңілдеген сайын оның ұшу екпіні де арта береді. Сол ретпен тіркемелі ракета арқылы ұшуды аспан кеңістігіне шексіз ұшыра беруге болады.

Айтылған жасанды серіктерді ұшырған тіркеме ракеталар осындай.

Жердің жасанды серіктерін жіберуде не мақсат бар?



Ондағы мақсат — ең алдымен, аспан кеңісіндегі тамаша құбылыстарды зерттеу.

Біз жер шарының сыртынан қоршаған қалың ауа қабаты барын білеміз. Оны атмосфера дейді. Бұл атмосфера жер бетінде қалың, қою. Жоғары көтерілген сайын ауа сирей береді. Екі-үш жүз километр жоғарыда ауа сонша сирек болғандықтан оны жоқ деп санауға болады. Ауаның сиректігін нөкатпен белгілесек, сонда жер бетінде нөкаттарды біріне бірін тигізіп тіркестіруге болады, ал жоғарымаған сайын сондай нөкаттардың арасы селдірей береді. Ауа ақырында жоғалады. Ай, Күн, Жұлдыздар маңында Жер ауасы жоқ.

Жерді қоршаған қалың атмосфера қабаты жиі тор сияқты. Аспаннан Жерге келетін көп заттарды атмосфера өткізбей қояды. Күн көзінен келетін сәуленің бірнеше түрлерін атмосфера өткізбейді. Мысалы: өте күлгін сәуле, электрлі сәулелер жерге өте алмайды. Сол сияқты, аспаннан түсетін метеорит тастар да көбінесе атмосфера ішіне

кіргенде, үйкелу әсерінен жанып кетеді. Аспандағы жылылық, қысым күші, тарту күші, сәуле түрлерін — тағы басқа көптеген құбылыстарды біз білмейміз. Соның бәрін атмосферадан жоғары көтеріліп бақылау ғылымға өте керекті нәрсе. Жасанды серіктердегі қойылған аспаптар арқылы сол құбылыстар жайында мәлімет алынып тұрады.

Жасанды серіктер мәңгі айнала бермейді. Олар Жерден ұшырғандағы екпіні сарқылған соң жерге қарай төмендейді. Атмосфераға келіп кіргенде, үйкелу әсерінен жанып кетеді. Мысалы бірінші жасанды серікті 2 октябрь күні ұшырған ракета, аспанда 58 күн айналып жүріп 1 ноябрьде атмосфераының қалың қабатына кіріп өртенді. Оның қалдығы Солтүстік Американың батыс жақ жағалауына түссе керек.

Бірақ, сол қашан өртенгенге дейін олардан ғылымға керек мәліметтер алынып отырылды.

Ол жиналған мәліметтер келешекте аспан көлеміне жол ашуға керек. Мысалы: Айға ұшып бару мәселесіне жәрдем етеді. Егерде адам баласы Айға ұшып жететін болса, онан әрі Шолпанға, Есекқырғанға тағы басқа планеталарға ұшып баруды қарастырмақ. Ол адам баласы тек қана Жер емес, басқа планеталарды да мекендей алады деген сөз.

Сонымен, біздің заманымызда, біздің Отанымызда қандай тамаша ғажайып істің басы басталып отырғанын көреміз.

Балалар, сендер әлі өздерің де осы іске қатысатын болуларың ғажайып емес. Ол үшін үйреніндер, оқыңдар, ғылымға құмар болыңдар.

А. Машанов.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті.

13 жасар

Көршімұрын

ОЧЕРК

I

1918 жылдың күзі. Аспан әлемі бұлт торына оранған. Күздің қою кара бұлты. Ауа салқын тартып, жаңбыр болатынын хабарлағандай. Ымырт үйіріліп, қас қарайып келеді. Поселок шетіндегі жатаған шым үйдің шамы жанып тұр. Май шамның жалыны терезе сынығынан соққап баяу желмен ақырын ғана ырғалады. Үй іші күңгірт.

Стол басында төртеу отыр. Манағы басталған әңгіме желісі әлі үзілер емес. Бірінен соң бірі сөзді кезек алып, қыза сөйлейді. Әлі тоқтар емес. Стол ағасы — еңгезердей сары адам. Бұл — Кондратий Черкашин. Оған таяу — аласа бойлы, жуантық келген Яков Цибуля. Бұларға қарсы отырған, сөзді жылдам сөйлейтін, «р» дыбысы «л» дыбысымен қатар естілетін, ашаң келген кісі Николай



Цыбатарев және солдат гимнастеркасын киген Мирон Шинкоренко.

— Революция жеңді. Ішкі Россияда Совет үкіметі орнады. Ал, бізде ше? Кедейлер әлі теңдік ала алмай отыр. Полицейлер революциялық қозғалысқа қатынасқандарды әлі қуғынға салады,— деп Кондратий Черкашин аспан түстес мөлдір көк көзімен отырғандарға қарады. Ешбірінде үн жоқ, бәрі жым-жырт.

Манадан бері орыс пешінің үстінде ояу жатқан Антоша сыбдырламай баяу сырғып түсті де, папасының жанына келді. Көзі, дөңгелек жүзі әкесінен аумайды. Адамға көзімен жіті қарасы да Кондратийға ұқсайтын.

Мирон Шинкоренко Антошканы бәрінен бұрын көрді.

— Папа, революция, Совет үкіметі дегендер не?— деп бала нәзік қолын папкасының мойнына артты.

— Тш-ш, бар, ұйқта. Саған оны білу— әлі ерте,— деп Кондратий 13 жасар ұлын бетінен бір сүйді де, пеш үстіне шығарды. — Ұлым, біздің үйге кімдердің жиналғанын ешкімге айтпа. Түсіндің бе?

— Неге, папа?— деп Антошка сұрап қоймады.

— Айтпа дедім ғой. Лузына не бол!— деп Кондратий зекіп жіберді.

— Жарайды, айтпайын.

Антошканың соңғы сөзі осы болды. Ол әкесінің айтқанын тыңдайтын. Оның айтқанын екі етпейтін. Бұл төртеуі үйде отырып

көп, ұзақ сөйлесті. Ертеңгі күннің, болашақтың жоспарын талқылады. Бұл жерде партизан отрядын құру жоспарын жасады. Манадан бері әлі қыза сөйлеп тұрған Кондратий Черкашин өзінің 13 жасар ұлы Антошка да соған мүше болатынын хабарлады. Антошка қалың ұйқы құшағында еді, ол мұны сезген де жоқ, естіген де жоқ.

II

Партизандардың күнде жиналатын штабы селоның шет жағындағы биік дуалды, Емельян деген қарттың үйі еді. Қарттың үйінде, өзінен басқа, кемпірі бар. Басқа ешкімі жоқ. Бұл үйге Антошка соңғы күндері үйір болып алды. Ол кәрі әжеге көмектесті, суын таситын. Огородтан картоп қазысатын. Мұны оған папасы тапсырып қойды.

Кешкі мезгіл. Антошканы папасы шақырып алды:

— Сен Емельяның үйіне барып қайт. Кімдер бар екен, біл де, ізінше қайта орал.

— Жарайды,— деді де Антошка жүгіре басып, ұзын көшенің бойымен, сол үйге қарай жүгіріп келе жатты. Полиция мундирін киген бір адам алдынан қарсы шықты да, кетіп бара жатқан баланың қолынан шап беріп ұстай алды.

— Антошка, осы сені біреулер мақтайды ғой. Ақылды, күшті дейді, сол рас па?

— Рас.

— Өтірік айтпайды дейді, ол да рас па?

— Рас.

— Мә, ендеше кәмпит,— деп полицей оған қалтасынан алып бір уыс кәмпит ұсынды.

— Ағай, мен жемеймін.

— Неге жемейсің. Мә, ал!

— Жоқ, ағай. Кәмпит жегім келмейді.

— Ал, енді, өзің қайда барасын, айтшы жөніңді?

— Мен бе... Мен бұзау іздеп барамын,— деді қысылған бала.

— Бұзауларың мана үйлерінде байлаулы тұр еді ғой,— деп полицей оны қыса бастады. Антошка бұған онша саспады. Ол сөзді дәл тапты.

— Шешіліп кетіпті.

— Ал, ендеше, бар, жүре бер!— деп полицей оны дәу саусағымен итеріп жіберді.

Антошка бірден Емельян қарттың үйіне бармады. Ол селоның күн шығыс жақ шетінде тұрған жел диірменге қарай жүгіре жөнелді. Полицей оны андумен болды. Баланың диірменге кеткенін көрді де, ол екінші жақпен бұрылып диірмен сыртынан барып, онда кімдер бар екенін байқамақ болды.

Антошка диірменге қарай жақындап келеді. Алды тастай қараңғы. Оның жүрегі дүрсілдеп қоя берді. Бойы шымырлап кетті. Сонда да бала әкесінің сөзін орындау үшін әлі де ілгері жүгіре берді. Диірменге жақындады да, ол келесі жаққа бет бұрып, үйіне қарай тағы жүгіре берді. Бұл кезде манағы полицей де диірмен сыртына келген еді. Ол баланың үйіне қарай кеткенін көріп, партизандар осы жерге жиналады екен ғой деп ойлап, диірмен сыртында жасырынып отыра берді.

Антошка үйіне кірген жоқ. Селоның келесі бетімен жүріп отырып Емельян қарттың үйіне келді. Мұнда жиырма шақты адамдар жиналып отыр. Абайсызда есік ашылғанға олар үрпиісіп қалды да, кенет жүздеріне күлкі оты қайта оралды. Антошканы көріп, көңілдері жай тапты. Бұл үйде оның танығаны — әнеугі үшеу. Ол ойлы көзімен үйдегілерді түгел шолып өтті де, кетпек болды.

— Антошка, жай келдің бе? — деп сұрады ашан келген әнеугі ұзын бойлы.

— Жай ғой.

— Папаян үйде ме?

— Үйде болу керек.

— Ендеше барып мұнда жібересің бе? Мұнда сені күтіп отыр деп айтасың ба?

— Келсе, айтып көрейін, — деп бала сол келген ізімен, қатты жүгіріп, үйіне келді. Папасы қарсы шықты.

— Ұлым, неге кешіктің?

— Жолда полицей ұстап алып, содан



қашып жүрдім. Бала барлығын папасына айтып шықты.

— Жарайсың, ұлым. Революционер деген осылай болуы керек, — деп Кондратий ұлының маңдайынан сүйді де, сыртқа шығып кетті.

III

Түн. Антошка үйде. Балғын беті балбырап, ұйқының тәтті құшағына мол оранған. Бір мезетте есік қатты тарсылдады, оны біреу тепкілеп ұрып тұр.

— Аш есіктеріңді. Әйтпесе қиратамын! — деп біреу сыртта гүжілдейді.

Антошканың мамасы келіп оны оятты.

— Балам, — деп ана оның құлағына сыбырлайды. — Папканы үйде жоқ. Есікті біреу қатты-қатты ұрып тұр.

Антошка орнынан ұшып тұрды. Терезеге көз салып еді, қолында найзалы мылтығы бар, әнеугі кездестіретін полицей терезе алдына келіп ашыңдар да, ашыңдарға басып, зіркілдеп тұр.

— Мама, мынау полицей. Папам қайда?

— Ол жоқ. Үйге оралған жоқ.

— Пистолеті бар ма?

— Бар.

— Тық онда.

Пистолет ауыз үйге апарылды да, шелектегі суға салынды. Жүзі суық қару су түбіне барып жоқ болды. Есік ашылды. Сау етіп үш-төрт полицей кіріп келді.

— Шам жағындар! Үйлерің тінтіледі! — деп бұйрықты үнімен полицей бастығы айқай салды. — Партизандар! Көрсетермін мен сендерге! — деп тісі сақ-сақ етеді. Мұрны картошкаға ұқсас. Мұрты тікірейіп кеткен.

— Не айтып тұрсындар, жарқындарым-ау, — деп Антошканың мамасының даусы дірілдеп шықты. — Тінтіңдер, Не іздемекшісіңдер?!

Полицейлер қойканың астын, погребті түгел қарап шықты. Төсек-орындар шашылды. Құс төсек мамық жүні жыртылып қобырап жатты. Олар үйден ештеме таба алмады. Полицей бастығы жерге бір түкірді де, ештеме уысына түспеген соң, кетіп отырды. Оның соңынан басқалары да кетті.

Мамасы келесі күні полицейскийге барып, Кондратийдің ұсталғанын білді. Оларды Емельян қарттың үйінде отырғанда ұстапты.

IV

Арада бір жеті уақыт өтті. Антошка мен мамасы інір асын ішіп жатқанда папкасы үйге кіріп келді. Сағынған Антошка папасының мойнына орала кетті.

— Папа, қайда болдың?

— Балам, тұра тұр. Мені полицейлер қуып келеді. Пистолетім қайда?!

— Пистолет даладағы құл арасына тығылған, — деді Антошканың мамасы.

— Онда жүгір. Тез әкел, Антошка, — деді папасы ұлына.

Антошка далаға шығып бара жатыр еді, қарсы алдынан екі полицей кездесті. Олар Антошканы кимелей үйге кірді.

— Көтер қолыңды, қашқын!

Антошканың папасы кейін шегіне берді. Аналар араны ашылған алтыатарларын таяп, Антошканың папасын қабырғаға тықсыра берді. Сол сәт Антошканың көзіне балта ілікті. Ол манадан бері дүрсілдеген жүрегін қатулана тоқтатты. Аяғының ұшымен басып балтаны алды. Көзінен от ұшқындай ол да полицейлерге жақындай берді.

Балтаның қылпып тұрған өткір жүзімен ол бойы аласа полицейдің оң жақ иығын ала періп қалды. Осы уақытта әкесі де мысықша атылып, келесі полицейді бассалды.

Иығы шабылған полицейдің қолындағы найзалы мылтығы анадай жерге ұшып кетті. Өкірген ащы даусы үйдің ішін азан-қазан қылды. Екінші полицейдің де мылтығы тартылып алынды. Оны тас қылып үйге байлады да, аузына орамал тықты.

— Антошка балам, — деп әкесі көзіне жас алды. Өлімнен өзін құтқарған баласына кәзір әкесі не сыйласа да көп емес сияқты. Әйтседе, не берерін білмей тұр еді, ойына жаудан тартып алған пистолет түсті. — Мә, Антошка, әкең үшін алыстың. Енді халық үшін, кедейлер үшін алыс.

Әке өсиеті осылай болды.

V

Сәске түс еді. Күздің өкпеден өтер қара суық желі. Жиырма шакты полицей қала шетіне салт атпен кіріп келеді. Бұрынғыдай емес, енді өзі де жасырынумен, ешкімнің көзіне көп шалына бермейтін Антошка полицейлерді баскаларынан бұрын көрді. Бұлар полицейлер емес — ақ бандалар болатын.

Ең алдында папаха киген дембелше са-

ры кісі. Оның жанында анау күнгі полицейлердің бастығы. Папаха киген орыс қылышын қынабынан суырып алды да, күнге бір жарк еткізді. Ат үстінде тұрып айқайлап барлығына бұйрық берді. Қолын оңды, солды сілтеп, әркімнің қайда баратынын айтты. Мұның барлығын Антошка естіп тұр. Ол пистолетін суырып алды да, ел шетіндегі сайға түсіп, диірменге қарай бар пәрменімен жүгіре жөнелді.

Қазір партизандар штабы сол жерге орналасқан. Диірмен көптен бері жұмыс істемейді. Есігі тас бекітулі. Антошка есікті бар пәрменімен дүрсілдете қақты.

— А...аш-шындар! — дейді ол. Ышқына айқай салады.

— Не болды, Антошка, — деген арғы беттен көп дауыс естіледі. Есіктің құлпы сықырлайды. Мылтықты жасаған дыбыс естіледі.

— Актар, бандалар.

Есік сықырлап ашыла берді. Арт жақтан бес-алты салт аттының айқайы, шуылы, аттың дүрсілдете шапқаны жақындап келеді. Мылтық даусы дүрс етті. Антошка етпеттей барып ішке құлап түсті. Оған жауап ретінде бес-алты рет мылтық атылды.

— Ой, менің Антошкам, ақылдым, — деп Кондратий канға боялған ұлын жерден көтеріп алды. 13 жасар партизан әке қолында сұлық жатты.

* * *

Аталы-бабалы Черкашиндерді Семнозер ауданы, Сталин атындағы колхоздың тұрғындары үнемі еске алып отырады.

Т. Тасқожин, Қ. Естаев.



✓ КҮНШІЛ КӨЛБАҚА


Жаздың бір жадыраған көңілді ашық күні. Көл жағалай біткен көгал құрақтың арасынан бақалар басып қылтылдата бастады. Шыдамдылықпен таңдайларын анда-санда бір қағады. Жапырақтың үстінде отырып, желдің лебімен жапырақ қозғалса, бірге қозғалады. Арқасын күн шалып, таңертеңгі тамаққа бір-бір шыбын ұстап жеген бақалар өте көңілді. Олар әнге басып әрбір тұстан бақылдай бастады. Бірте-бірте думан қызып, көздері тасырайып, алқымдары ісіп, айқайды бірінен-бірі асырмақшы болды. Көзі қызарып, көңілді әнге кіріскен бақалар маңдайларына қонған маса, шыбындарға да көңіл аудармады. Көл жанғыртқан көп бақаның ішінен бір бақаға, кенеттен, күншілдік ой сап ете қалды.

— Күндіз-түні бақылдап бақырғаннан басқа біздің қолымыздан келері бар ма? Атымыз бақа дейміз де, аузымызды ашып бақыра береміз. Бірімізге-біріміз құлақ та қоймаймыз. Осы бақырауық, ақымақтық, жағымсыз мінезімізден бізді жарататын бір тіршілік жоқ. Адам баласы бізді көрсе, жылан мен кесертке көргендей сескеніп, сұстана қарайды. Балықты көрсе, бас салады. «Балықшы» деген ат әлемге әйгілі. Дүниені жаңғыртып бақырғанмен, адам баласының керегіне жарамай, арманда кеттік,— деп, бақа біраз мұңайып отырды.— «Балық, бақа бір туысты» деген ел аузында әңгіме де бар. Бір туыссақ бірге неге тұрмаймыз. Бізді өмір бойы айқайлап көл күзетуге қойып па?! Ал, «бақа туыскандар, күндіз-түні көл күзетіп, шаршап жүрсіндер ғой» — деп, балықтар бізді есіне де алмайды. Олардың керегіін адам баласы әкеп береді, аузына тосады.

Қой, балық бауырыммен сөйлесіп қайта-

йын,— деді де, ашу кернеген бойымен көк иірімге көлбақа шоп ете түсті.

Ашулы бақа алқынып, жұлқынып, құлашын тез сермеп, терең сүнгіді. Көк иірімге көлбеу сүңгіп, келе жатқан жылан құртты алыстан көлбақаның көзі шалды. Таңертеңгі аш қарында анталап келе жатқан балықтарға айқай салды:



— Ей, балық бауырларым! Сендерде ұят бар ма? Мен де таң атқалы ашпын. Бір жолғы олжаны бақа бауырларына байласандаршы.

Өмір бойы су түбінде, тереңде, ондай дауысты естімеген балықтар бет-бетіне қашты.

— Е, бәсе! Жөн менікі ғой. Біз сендерді сырттан күзеткеннен басқа жазығымыз жоқ,— деп, жанасалап келіп, жайпак ауызды салып қалды. Тілді қармақ таңдайына кірші ете қалды. Аспанға көтеріліп, жерге қайта дүрс ете қалды. Аузы қан болды, үсті шаң болды. Басы зеніп кетті, іші күйіп кетті. Бұдан былай күндеспейтін болды. Көршілермен үндеспейтін болды.

Б. Тұрсынбаев.

ҰСАҚ БАУЫРСАҚ

(ЕЛ АУЗЫНАН)

Бір мейман ойдағы сыйбан аулындағы ауқатты бір үйге түседі. Қонаққа шай береді. Шайға бауырсақ салады. Дастарханға төккен бауырсақ өте уақ, бұршақтан аз-ақ үлкен болса керек. Алыстан ашығып келген жолаушы аузына екі-үшеуін бір-ақ салып жібереді.

Мұны жақтырмаған үй иесі:

— Сіздің ел азаға шапқанда неше атпен шабушы еді? — депті.

Мұны естіген мейман түсіне қалып:

— Атың жарамаса, бір ат түгіл үш аттап шабар,— депті.

Жазып алған **А. АЛШЫНБАЕВ.**

АҚ ҚАРДЫҢ ҮСТІНДЕ

ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ЕСЕПТЕУ

Бізбен көрші тұратын Алматы 25-мектебінің 6-класының оқушысы Марат Сүлейменов деген бала жақында маған:

— Спортшылар қандай жылдамдықтармен жүгіре алады?— деп сұрақ қойды. Мен ойланып қалдым. Марат жауап беруімді күткендей жалтақтап маған қарай берді. Бұл сұраққа бірден жауап бере алмайтынды сездім де:

— Марат, столға отыр да, қолыңа қарындаш ал, есептейік,— дедім.

Марат қуана келіп столға отырды. Біз есептеуге кірістік. Есептеуді жеңіл атлеттерден бастадық. Дүниежүзілік рекордшы 100 метрге 10,1 секундта жүгіреді екен. Осы жылдамдықпен жүгірсе, ол бір сағатта орта есеппен 35,4 км. қашықтыққа жүгірген болар еді.

— Бұл поездың жылдамдығымен тең ғой, мен мұны ешуақытта бұлай ойлаған жоқ едім,— деді Марат басын шайқап.

Конькишілердің де жүгіру жылдамдығын есептедік. Біздің Одақтағы жүйріктердің бірі Евгений Гришин сағатына 40 км. қашықтыққа жүгіреді екен.

Велосипедистердің сағатына 80 км. жылдамдықпен жүретінін білген кезде Марат қатты дауыстап:

— Бұлар «Победа» машинасынан қалыспайды екен ғой,— деп күліп жіберді. Жақсы мотоциклист сағатына 130 км. жылдамдықпен жүре алатынын анықтаған кезде Марат:

— Бұл санитарлық самолеттердің жылдамдығынан кем емес екен,— деп таңтамаша болды.

Әсіресе, тау шаңғышыларының жауапты жарыстар кезінде сағатына 200 км. жылдамдықпен сырғанайтынын есептеп шығарған кезде Марат өз көзіне өзі сенбей, қағазына қайта-қайта үнілді.

Ақыры есебінің дұрыстығына көзі жеткеннен кейін барып қана:

— Бұл шаңғышыларды ұшқыштар деп атау керек екен,— деп балғын жүзі қызарып, құлпырып кетті.

Кішкене досымның жан дүниесінде болған ерекше сезімді аңғардым да:

— Ертең күн демалыс қой. Бірнеше жолдастарыңды ертіп шық. Алатаудың Шыңбұлақ шатқалында болатын шаңғышылардың жарысын көрейік,— дедім мен. Марат менің ұсынысыма қуана келісті.



ЧЕМПИОНМЕН КЕЗДЕСУ

Біз келісім бойынша, келесі күні таңертең шаңғыларымызды иығымызға арқалап Алатауды беталып жүріп кеттік. Таудың етегіне күн шыға келіп біраз демалдық. Ұясынан шашырай шыққан алтын күннің шапағы біздің ту сыртымыздағы беткейге түсті. Аспанда шөкімдей бұлт жоқ. Шыңылтыр аяз ғана бетімізді ақырын шымшылайды. Менің қасымдағы жас достарым:

— Қандай сұлу жер, мына беткейден төмен қарай шаңғымен ағызар ма еді!— деп даурыға әңгімелесіп қояды.

Біз ілгері жылжыдық. Күн едәуір көтерілген кезде дүниежүзінің шаңғышылары жарыс өткізетін Шымбұлаққа апаратын үлкен жолға түстік. Бір кезде менің оң жағымда келе жатқан бала:

— Қарандар, таудың басынан бізге қарай біреу ағып келеді,— деп айқайлап жіберді. Қарап үлгергенше-ақ әлгі шаңғышы қасымызға ағызып кеп қалды.

Біз өтіп кетеді ғой деп ойлап едік. Бірақ ол шаңғысын шұғыл бұрды да, қасымызға келді. Біз жамырай сәлемдестік. Бұл шаңғы тебу жөнінен Совет Одағының чемпионы Александр Филатовтың өзі екен. Балалар біріне-бірі жымындап қарасып, мәз болып қалды. Сірә, бәрі А. Филатовпен бұрын суреті арқылы таныс секілді. Балалардың көкейіндегі ойын сездім де, чемпионның тау шаңғысы жөнінде әңгіме айтып беруін өтіндім. Ол қарсы болған жоқ. Тек сәл жымып күлді де:

— Балалар, сендер шаршаған жоқсыңдар ма?— деп сұрады.

Балалар бірауыздан:

— Жоқ, шаршағамыз жоқ,— деп шу ете түсті.

— Онда ілгері жүрейік,— деді де, жауап күтпестен, алға түсіп сырғанай жөнелді. Бәріміз бір төбешіктің үстіне шықтық. Тік жотаның бойын төмен қарай қуалай кішірек-кішірек көк, жасыл, қызыл жалаулар қадалған.

— Бұл жерде слаломшылар жарыс өткізеді,— деді Филатов.— Көрдіндер ме, әрбір шаңғышы суыт жылдамдықпен мына жолдағы кедергілерден өтіп шығуы керек.

— Ал, жолдың ұзындығы қанша?— деді балалардың біреуі.

— 640 метр.

— Осы қашықтықта қанша тосқауыл бар?

— 40 тан астам,— деді чемпион жымшип. Балалар таңырқасып бастарын шайқасты.

— Немене, қорқасындар ма?— деген чемпионның сұрағына балалардың ешқайсысы жауап берген жоқ. Өзінің ойын чемпион әрі жалғастырып әкетті.

— Тауда шаңғымен сырғанау, расында да, алғаш қорқынышты болады. Мен Москвада туып өстім. 12 жасымда Ленин тауларына барып шаңғы тебумен әрдайым шұғылданып жүрдім. Белгілі шаңғышылар Евгений Сидоров те, Вачеслав Мельников те, Василий Джамбеков те шаңғы тебуге бала кездерінен бастап жаттыққан болатын. Ал, Алматы балалары үшін бұл спорттың түрімен шұғылдануға, Москвалықтарға қарағанда, көп мүмкіндік бар. Өйткені, тау жандарында...

Чемпионның тау шаңғысы спорты жайлы әңгімесі балаларға қатты әсер етті. Марат та, оның жолдастары да ертесінде-ақ шаңғышылар секциясына жазылды.

Арада бірнеше күн өтті. Марат пен оның жолдастары Сәбит, Жора, Валерийлер сабақтан қолы бос кездерінде тауға барып шаңғы тебуге жаттықты. Алғаш құзардың



төбесінен төмен қарағанда басы айналатын балалар келе-келе үйреніп кетті. Рас, биіктен ағып келе жатып жасқаншақтап, қардың астына көміліп қалған сәттер де болмай қойған жоқ. Әсіресе, етекке жақындағанда екі аяғына салмақты тең түсірмей мүлт кетіп домалау Маратқа да, оның жолдастарына да үлкен сабақ болды.

Міне, бүгін де Мараттар өздерінің тренери Иранда Владимировнамен бірге тауға шықты. Бүгін жаттығу айының соңғы күніне қортынды шықпақ. Бірнеше бала жотада шаңғыларының таяқтарына сүйеніп үнсіз тұр. Төменде тұрған Иранда Владимировна:

— Тынышталындар! Марш!— деп команда берді. Марат орнынан қозғалмай, үнсіз төмен қарайды. Жол хауіпті, кедергілер көп. Қисық бұрылыстар шеберлікті керек етеді. Дегенмен де, команданы тындау керек. Марат жымжи жөнелді. Шаңғы сусылдап ағды. Денесінің бар салмағын екі тізесіне түсіріп, Марат сәл еңкейіп қомданып алған. Міне, фиништен де өтті.

Қол сағаттан көз алмай тұрған Иван Доровский Марат фиништен өте шыққанда:

— Жарайсың!— деп айқайлап жіберді.

Шаңғы секциясының тренери Иранда Владимировна Маратты үшінші разрядтың нормасын орындауымен құттықтады.

Мараттың да, оның жолдастары Жора мен Яшаның да сағатына 150 км. жылдамдықпен жүгіргені секция мүшелерінің бәріне қуаныш әкелді.

Ақ қар үстіндегі алғашқы жеңіс жас шаңғышыларға өз өнерлерін шындай түсуге жолдама берді.



П. Деражинский.

ЕСЕКТІҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫ

МЫСАЛ

Өмірі еңбекпенен күн кешіріп,
Тыным алмай кіргенше ақ шашына,
Бағбан жемісті тал жүрді өсіріп,
Өзі баптап өзінің бақшасында.

— Тағытар бұл менің кім екенімді,
Аброй, мақтан болар білетінге.
Бір күні тал қазылып әкелінді:
Көрмеге экспонат ретінде.

Көрді ағашты көрменің бастығы есек:
— Шынар ғой бұл өсетін құдды тауға.
Тіпті өңделіп кеткендей аз мінесек,
Татиды табысыңды құттықтауға.

Төзімді болар тегі қыста нағыз,
Өттең шіркін, ұзындау, солқылдақ тым.
Өзіміз-ақ жөндейміз, қысқартамыз,
Болады көз тоймастай көркі бақтың.

Мақтаушы қамқорлықты құлақ шалып,
Разы боп қайтты бағбан.

Есек талды —
Ықшамдады балтамен бір-ақ шауып,
Бұтағы, жапырағы — бәрі оталды.

Шақырды: — қайда досым ешкі — сыншы
Жөндейімді көрмеге лайықтап
Ол да келіп көрсінші, естісінші.
Қошемет білдірді ешкі:
— Кім айыптап,

Мін тағар! Аса ғажап! Енді бірақ
Қабығы өңсіз.

Сөзім жоқ басқа менің,
Рұқсат болса, өп-сөтте кеміріп-ақ
Аппақ қып қазір аршып тастар едім.

— Әрине, бұлай жөндеу дұрыс, — десті, —
Аршу саған мүктөлсін қабыршықты, —
Азумен талды өңдеуге кірісті ешкі,
Ә дегенше томпайып қарны шықты.

— Міне енді әрі өсімдік, әрі қазық,
Қол қойды есек: «қойылсын көрмеге ертең!»
Бағбанның да ат-жөнін қойды жазып,
Жазылмады бірақ та жөндеген кім.

Қаумалап көрмедегі жұрт үңілді,
— Айталық тура өзіне есекеңнің,
Қай есер қойған мұнда құр түбірді!
(Қайдан білсін есектің өзі екенін).

Тал болған кеміруге, кескілеуге,
Жылдар бойы өсірген есіл еңбек
Қор болды-ау есек пен ешкілерге,
Гүлдерді «түзететін» кесіп өңдеп.

Сыртында із қыршыған азуы аңның,
Ешкі мен есек қайтсін жасыл гүлді.
Түбірді көрді де өзі бағбанның,
Ызаланды, көзіне жас іркілді.

М. ЖАМАНБАЛИНОВ.

Павлодар қаласы.

САҒАТ

— Сағат үште киноға
Апарам, — деп мамасы
Уәде берген, түйді ойға,
Осындайда қарашы,

Уақыт өтпей орнында
Тұрып алған секілді.
Қуанышы қойнына
Сыймай, Ернар секірді.

Сол киноны көруге
Жүруші еді ол ынтығып.
Буды белбеу беліне,
Үсті-басын сүртініп.

Ойнай да алмай, далаға
Бір шығып, бір кіреді.
Алып-ұшып бара ма,
Алабұртып жүрегі!

Өшейінде зыр қағып,
Таппайтын бір тағат тым.
Жылжымайды тырбанып,
Тілі дағы сағаттың.

Бір ой келді сонда оған
Тегін емес бір мықты.
Сағатты алып жалма-жан
Тілін алға жылжытты.

Соныменен «көп уақыт
Өтті» деп ол ойлады.
Қайта-қайта тіл қатып,
Қипалақтап қоймады.

— Болды уақыт өні шын, —
Дейді, — өзің қарашы.
Сезіп оның мәнісін
Жымияды мамасы.

А. ШАМКЕНОВ.

ЖЕЛ

Желпіне шығып көшеге
Жел құтырды, басты алға.
Жайқалып тұрған жамырап
Жанаса кетті жас талға.

Бұтағын өтті сындырып,
Жапырағын таптады.
Қарашы, әне, кімді ұрып,
Басынан кімнің аттады.

Өз-өзінен мәз болып,
Ең қызыққа кенелді.
Орамалын бір қыздың
Жұла тартып жөнелді.

— Победаға жетем! — деп,
Кетті қуып секеңдеп.
Мен отырмын: — Бұл қашан
Жөнге келер екен, — деп.

Б. ӘДЕТОВ.

КазГУ-дің студенті.

МЫСЫҚ

Нан ұсынсақ жейді дағы жырымдап,
Диванда ылғи ұйықтайды ол пырылдап.
Сол үшін де өте жақсы көремін,
Жеті сайын мұртын қырып беремін.

Әдепті өзі болса дағы кішкене,
Ас беріп ем ііскенді де ішпеді.
Ұқтым сырды, кеттім кенет қуанып,
Отыр екен мұртынан ол ұялып.

Ж. НӘЖІМЕДЕНОВ.



МЕН АЙТАЙЫН, МЕН!

Бірінші сұрауға жауап беруге кластың как жартысы қол көтерді. Айдар да көтеріп отыр. Бірауық мұғалімге қарап, енді бір сәтте артындағыларға бұрылып, жымың-жымың етеді.

— Ал, Ысқақов,— деді мұғалім, Айдардың алдында отырған балаға иек қағып. Айдар мұғалімге «менен неге сұрамайсыз?» дегендей ренішті шырай білдіріп, томсара қалды. Сейдахметов ағай келесі сұрақты да басқа біреуге айтқызды.

Ең соңғы — үшінші сұраққа да кезек келді. Басқалармен бірге Айдар тағы да қолын көтерді. Бұл жолы ол қолын серейте созып, бүкіл тұла-бойымен көтеріліп, «Мен айтайын!»— деген тілек білдіріп алға қарай ұм-

тыла түседі. Дегенмен, анықтап қараған көзге оның саусақтарының аздап қалтырап тұрғандығы байқалады.

— Кәнеки, Айдар, сен айта ғой...

Айдардың жүрегі су ете түсті. Орнынан орен тұрды. Екі иығы сөлбірейіп, басы кеудесіне түсіп, жалпы денесі сұрау белгісіндей болып имие қалды.

— Иә, Айдар!..

— Ағай...

— Айта бер, тыңдап отырмын.

— Ағай, мен... мен бүгін айтпай-ақ қояйыншы...

— Неге?

— Басқа балалар айтсын да...

— О не дегенің. Мен сенен сұрап отырмын ғой.

— Ағай...

— Иә.

— Ағай... Мен... Мен оқымай келіп едім, ағай...

Балалар ду күліп жіберді.

— Не, не?! Оқымай келгені қалай?— деді мұғалім.

— Шын айтам, ағай, дайындалған жоқпын...

— Неге дайындалмадың?

— Қатарынан үш рет сұрамас деп едім. Класс іші тағы да ду ете түсті.

— Тынышталыңдар, балалар! Дайындалмасаң қолыңды неге көтердің?

— Сіз оқымай келіпті деп... петіп... ойлап қалмасын деп ойлаған едім... Кешіріңіз, ағай...

Т. Жанұзақов.

АЛДАУ

Сырым жазғы демалыста Ұшар дейтін 4 айлық күшікке тышқан аулатумен жүрді. Күшік тышқан аулауға күн қызған кезде ғана шығады. Ал, ыссы уақыттарда тышқандар інінен көп шыға бермейді. Сондықтан, Сырым көбіне аннан күр қол оралады. Кейде бір тышқанды көріп қалса, Сырым қасында жүрген Ұшарды айтқтап айқай сала жүгіреді. Көбіне ол ешнәрсе кездеспесе де бекер айтқтап күшігінің сағын сындыра береді. Сырымның осындай бос айтағын ұққан Ұшар да оның әне кетті, міне кеттісіне елікпейтін болды.

Міне, енді қыс та келді. Бір күні жапа-лақтап қар да жауа бастады. Ертең күн ашылса, жақсы сонар болатынына қуанған Сырым аңға шығуға дайындалды.

Сырымның тілегіндей ертеңінде күн ашылды. Жер беті аппақ қар. Айнала тым-тырыс.

Егінжай шетінен жаңа ғана өткен қоянның ізін көрген Сырым, оны қуа, алыста мүлгіп тұрған тоғайға қарай тартты. Бұрынғы әдетінше ол:

— Ұшар, әне қоян, айт!— деп тоғайды мезгеді. Оған жалт қараған тазы «әдеттегі алдауың екен ғой» дегендей, өз бетімен лағып кетті. Тазы алыстағанда, Сырымның алдынан бір қоян тұра қашты. Қоянды көріп қуанған Сырым:— Ұшар, Ұшар, айт, айт, айт,— деп айқайға басты. Бірақ, көп алданып қапы болған Ұшар, Сырымның айқайын естімегендей беталған жағынан мойнын да бұрған жоқ.

Ж. Ермұханов.

Гурьев облысы.



БӨРГЕН ОҒИҒА

Мен жаздың бір ашық, тымық күні, кешке қарай ауыл маңында жайылып жатқан малды қайтаруға шыққан болатынмын. Жусанды, тегіс жермен жүріп келе жатып, кездейсоқ бір оқиғаға тап болдым. Екі торғай біресе жерге қарай құлдилап, біресе әуеге шарықтай ұшып, тыным таппай жүр. «Бұлар неге жанталасып жүр» — деген оймен торғайлардың қанатын жайып қалықтап тұрған жеріне келсем, бір қарашұбар жылан жатыр екен. Ол басын көкке көтеріп ысқырып, торғайларға қарап айбат шегеді. Мен оқиғаның барысын аңдадым. Әлден уақыттан кейін торғайдың біреуі жылан жатқан жерге топ етіп құлады.

Мен торғайды арашаламақ болып, жыланды өлтірдім. Бірақ, бұл кезде торғай да өліп қалған екен.

Осы бір қарбаласта екінші торғай қанатын кең жазып менен алыстай берді.

К. АЗАНБАЕВ.

Гурьев облысы, Шевченко ауданы,
Киров атындағы орта мектептің оқушысы.

АМАНКЕЛДІ БАТЫРДЫҢ САРБАЗЫМЕН КЕЗДЕСУ

Жақында біздің Абай атындағы дружинадағы пионерлер азамат соғысының ардагері Аманкелді Имановтың сарбазы Жақып Есенкелдин жолдаспен кездесті.


Жақып ағай пионерлерге азаттық үшін алысқан Аманкелді Иманов туралы, сол кездегі оқиғалар туралы қызықты әңгімелер айтты.

— Ол кезде, — деді Жақып ақсақал, — қазақ елі көшпелі еді. Кедей балалары оқу дегенді білмейтін. Жас күндерін байдың малын бағумен өткізетін. Өмірдің күні В. И. Лениннің әр сөзінен қуат алған Торғайдағы қазақ кедейлері Аманкелді Имановтың, Ә. Жанкелдиннің басшылығымен бостандық үшін күресті. Аманкелді жау қолынан қаза тапты. Бірақ, оның ұрпақтары Коммунистік партияның қамқорлығының арқасында бақытқа жетті. Сол бақыт тапқан ұрпақ сендерсіңдер...

Кездесу соңынан оқушылардың күшімен концерт берілді. Кездесу қызықты өтті.

С. ДОСАНОВ.

Костанай облысы, Аманкелді ауданы,
Аманкелді атындағы орта мектеп.



ТҮЗЕТУ

Журналымыздың 1957 жылғы 12-санының 14-бетіндегі «Жыл қайыру» деген мақаланың таблицасындағы 1927 сан 1947 деп оқылсын.

Мұқабаның бірінші бетіндегі Н. Лебедевтің «Қар тоқтатамыз» деген суреті.
Мұқабаның төртінші бетіндегі В. Сибирцевтің «Балалар, өздерің қардан жасап алыңдар» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х.,
Иманжанов М., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Кирабаев С., Нұркатов А., Нұрғазин М.

Техникалық редактор И. Перлов

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан ҚП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 8/1-1958 г. УГ00308. Бум. 84×108^{1/16}—0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 37 000 экз.

Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 2352.





СЕН БІЛЕСІҢ БЕР

...Адамның шашы қорғасыннан да, қалайы мен жезден де мықты болады. Жуандығы 0,95 миллиметр шаш 100 грамға дейін салмақты көтере береді. 200 тал әйел шашы 20 тонна жүкті көтеріп тұра алады.

...Ландышты басқа гүлдермен бірге вазаға қоюға болмайды, өйткені, ландыштан улы сұйық зат бөлініп шығады. Демек, у вазадағы барлық басқа гүлдерді солдырып тастайды.


...Алтын қақталғыш металдардың қатарына қосылады. 1 грамм алтынды созып 3 км. 420 метр сым жасауға болады.

Дүниедегі ең биік адамдардың бірі австриялық Винцельмейердің бойы 2 м. 28 см. болса, эльзастық Краудың бойының ұзындығы 2 м. 75 см-ге жетіпті.

...Қаранғылыққа кірісімен 5 минуттан кейін адамның көзінің өткірлігі, бұрынғысына қарағанда, 2 мың есе артады.

...Бамбук—дүниедегі ең тез өсетін ағаш. Ол бір тәулікте 50—60 см. ге дейін биіктейді. Ал, Кактус деген ағаш болса жылына 1—2 см. ғана өседі екен.

...Дүниедегі құстардың ең кішкентайы колибри деген құс. Оның салмағы — 1,6 — 1,8 грамм.



КРИПТОГРАММА

- I. 16. 5. 4 — өте баралы мамық зат.
 - II. 10. 1. 3. 2 — құс аты.
 - III. 14. 12. 13. 2 — ұзындық өлшеуіші.
 - IV. 8. 15. 6. 12. 2 — тұсау.
 - V. 16. 3. 7. 11. 4 — балықтың түрі.
 - VI. 13. 9 — мемлекеттік белгі.
- Мына жоғарыдағы сөздердің жауабын тауып, клеткадағы сандардың орнына әріптер жазындар, сонда халық мақалы шығады.

Жасаған **Е. ҚҰРМАНБЛЕВ.**

Кеген ауданы, М. Горький атындағы орта мектеп.

ЖҰМБАҚТАР

1. Дыбыстасаң қарамас,
Болса дағы құлағы.
От-жалынмен аралас,
Тату-тәтті тұрады.
2. Суда өмір сүреді,
Сусыз жерде шөлдейді.
Абайсызда ұстасан,
Кетемін деп көпбейді.
3. Дегендей ешкім тимесін,
Алыпты қадап инесін.
4. От жаққанда аспандап,
Тұра қалды баспалдақ.


Е. ЕСКЕНДІРОВ.

1. Адам емес, тілі бар,
Әрбір үйден табылар.
Үй емес жалғыз тұрағы,
Көшеде де тұрады.
2. Аққу емес, мойны ұзын
Тырна да емес, сыйрақты.
Аулайды балық күн ұзын.
Түсіреді еске жирафты.

Б. МАХАТОВ.

Сырдария ауданы,
«Коммунизм» колхозы.

«ҚАСҚЫР-ҚАҚПАН»



Қасқыр түссе қораға,
Ұстамасқа бола ма.

Қол ұстасып тұрайық,
Қасқыр-қақпан құрайық.

Кәне-кәне, тұрайық,
Қасқыр-қақпан құрайық.

Біздің қақпан болаттай,
Қасқырды тұр жолатпай.

Қасқыр-қасқыр, келіп көр,
Қақпан-қақпан, берік бол!

Ойын тәртібі: балалар екі топқа бөлінеді. Үлкен тобы — қақпан, кіші тобы — қасқыр. Ойнаушылардың бірі жоғарыдағы өлеңді бастайды, қалғандары оған қосылады. Қақпан қол ұстаса дөңгеленіп тұрып болғанша, балалар:

«Кәне-кәне, тұрайық,
Қасқыр, қақпан құрайық».

дегенді қайталап айта береді

Шенбер жасалып болғаннан кейін өлең:

«Біздің қақпан болаттай,
Қасқырды тұр жолатпай».

дегеннен әрі қарай жалғастырылады. Содан, өлеңнің соңғы шумағы:

«Кәне, қақпан, берік бол,
Қасқыр-қасқыр, келіп көр».

деген жолдарды айтып болысымен қақпан болып тұрғандар қолын көтереді. Ал, қасқырлар арғы беттегі қораға өтуге, көтерілген қолдардың астымен жүгіріседі.

Қасқырлар осылай өтіп жатқан кезде, ойын бастаушының «а-а!» деген белгісімен көтерілген қолдар түсіріледі. Балалар жүресінен отыра қалады. Сөйтіп қақпан жабылады. Іште қалғандар қақпанға қосыла береді, қасқырлар азаяды.

Ойынды кезектесіп ойнауға болады.

Мына клеткаларға 1 мен 17 нің арасындағы сандарды қойғанда, көлденеңінен санағанда да, тігінен санағанда да «34» шығатын болсын.

Құрастырған **Т. Жұмабеков.**

Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы.

«34»

ПЛОХЕР



№ 3 МАРТ 1958
АЛМАТЫ



ВЛКСМ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

ВЛКСМ Орталық Комитеті VIII пленумының «В. И. Ленин атындағы пионер ұйымының жұмысын жақсарту шаралары туралы» шешіміне сәйкес ВЛКСМ Орталық Комитетінің бюросы Совет Одағының жас пионерінің салтанатты уәдесінің жаңа тексті мен жас пионерлердің Заңын бекітті.

СОВЕТ ОДАҒЫ ЖАС ПИОНЕРЛЕРІНІҢ ЗАҢЫ

Пионер өзінің Отанын, Совет Одағының Коммунистік партиясын сүйеді. Ол өзін ВЛКСМ мүшесі болуға дайындайды.

Пионер өмірлерін Советтік Отанның азаттығы мен гүлдене беруі үшін күреске құрбан еткендерді есте тұтады.

Пионер дүние жүзінің барлық елдерінің балаларымен достасады.

Пионер ынта қойып оқиды, тәртіпті және кішіпейіл болады.

Пионер еңбек етуді сүйеді және халық қазынасын сақтай біледі.

Пионер — жақсы жолдас, кішілерге қамқорлық жасайды, үлкендерге көмектеседі.

Пионер батыл болып өседі және қиындықтардан қорықпайды.

Пионер шындықты айтады, ол өз отрядының намысын сақтайды.

Пионер күн сайын физкультуралық зарядка жасап, өзін-өзі шынықтырып отырады.

Пионер табиғатты сүйеді, ол жасыл желектердің, пайдалы құстардың және хайуанаттардың қамқоршысы.

Пионер — барлық балаларға үлгі.

СОВЕТ ОДАҒЫ ЖАС ПИОНЕРІНІҢ САЛТАНАТТЫ УӘДЕСІ

Мен, Совет Одағының жас пионері, өзімнің жолдастарымның алдында:

Өзімнің советтік Отанымды ыстық сезіммен сүйеге, ұлы Ленин өсиет еткендей, Коммунистік партия үйретіп отырғандай өмір сүруге, оқуға және күресуге салтанатты уәде етемін.

